**Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті**
**«Инженерия және инженерлік іс» даярлау бағыты бойынша**
**Академиялық Комитеттің мәжілісі**

**№3 ХАТТАМАСЫ**

**Кентау қаласы** **29.12.2022 ж.**

**Қатысқандар:**
**АК төрайымы:**
1.Агабекова А.Б. - Электр инженериясы кафедрасы, PhD, аға оқытушы

**АК мүшелері:**

2. Умаров Амантур Амангельдиевич - Электр инженериясы кафедрасы, PhD, аға оқытушь
3. Калимбетова Жансая Сейдахановна - Электр инженериясы кафедрасы, оқытушы
4. Мұхамеджанов Нурідін Бахтиярұлы - Электр инженериясы кафедрасы, оқытушы
5. Бабахан Шохрух Абдиласымұлы - Электр инженериясы кафедрасы, оқытушы
6. Худайбергенов Бауыржан Амангельдиевич - «КТЗ» АҚның басқарма төрағасы
7. Қоқанбай Ернар Жақсылықұлы - МЭЭ-211 тобының 1курс магистранты

**КҮН ТӘРТІБІНДЕ:**

1. ББ мазмұнын жобалау тақырыбына семинар, тренинг ұйымдастыру
2. Бакалавр деңгейіндегі ББ мазмұнын қайта жобалау
3. Бакалавр деңгейіндегі ББ мазмұнын оқыту стратегиясын анықтау
4. Желтоқсан айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау

**Тыңдалды:**

*Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша АК төрайымы А.Б.Агабекова*: Сәлеметсіздер ме АК мүшелері, бүгінгі отырыста қаралатын мәселелер: ББ мазмұнын жобалау тақырыбына семинар, тренинг ұйымдастыру; бакалавр деңгейіндегі ББ мазмұнын қайта жобалау, бакалавр деңгейіндегі ББ мазмұнын оқыту стратегиясын анықтау; желтоқсан айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау талдау болып табылады. Өз ойларыңызды ортаға салып талқылайық.

*АК мүшесі* Умаров А.А. *күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша:* «Инженерия және инженерлік іс» даярлау бағыты бойынша ББ мазмұнын жобалау тақырыбына семинар, тренинг ұйымдастыру керектігін айтты және де 2022-2023 оқу жылына жасалған тренинг-семинар жоспарды таныстырды

*АК мүшесі, жұмыс беруші өкілі Худайбергенов Б.А күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша:* Екінші мәселе бойынша өз ойымды айтатын болсам, 6В071 - «Инженерия және инженерлік іс» даярлау бағыты бойынша Бакалавр деңгейіндегі ББ мазмұнын қайта жобалауда өнеркәсіптің әртүрлі салаларында технологиялық процестерді басқарудың автоматтандырылған жүйелерін, роботтандырылған технологиялық кешендерді пайдалану, техникалық қызмет көрсету, әзірлеу және енгізу саласында қарастыру керектігін айтты.

Ұйымдастырушылық-басқарушылық қызмет саласында: әр түрлі салаларда пайдалану, элементтерге техникалық қызмет көрсету, эксперименттік-зерттеу қызметі саласында: өнеркәсіптік өндірістерді автоматтандыру және роботтандыру объектілеріне эксперименттік зерттеулер жүргізу бойынша маман болу; ғылыми-зерттеу қызметі саласында: өнеркәсіптің әртүрлі салаларында заманауи зерттеу және әзірлеу жөніндегі ғылыми зертхананың инженері болу; жобалау-конструкторлық қызмет саласында:

өнеркәсіптің түрлі салаларында инженер болу, осындай қызмет түрлерін жасай алу керек. Сол с ебепті ББ мазмұнын осылайша өзгерткеніміз дұрыс.

*АК мүшесі Мухамеджанов Н.Б. үшінші мәселе бойынша сөз алып:* Бакалавр деңгейіндегі ББ мазмұнын оқыту стратегиясын анықталды. Олар семинар барысында айқындалып, реттелді.

*АК мүшесі, Бабахан Ш. соңғы **төртінші мәселе** бойынша*: Құрметті АК мүшелері желтоқсан айына жоспарланған жұмыстардың барлығы орындалды. ББ мазмұнын жобалау тақырыбына семинар, тренинг кестесі дайындалды. Бакалавр деңгейіндегі ББ мазмұнын қайта жобалау барысы қарастырылды. Бакалавр деңгейіндегі ББ мазмұнын оқыту стратегиясы анықталды. Алдағы уақытта жоспар бойынша жұмыстар одан әрі жүргізіледі, ауқымды істерді бірігіп жасасақ, барлық жұмыстар шешімін табады деп ойлаймын.

**Шешім:** «Инженерия және инженерлік іс» даярлау бағыты бойынша ББ мазмұнын жобалау тақырыбына семинар, тренинг ұйымдастырылсын. Бакалавр деңгейіндегі ББ мазмұнын қайта жобаланды. Бакалавр деңгейіндегі ББ мазмұнын оқыту стратегиясын анықталды. 2022-2023 оқу жылы бойынша АК жоспары бойынша Желтоқсан айында атқарылған іс-шаралар қабылдансын.

**6В071 Инженерия және инженерлік іс**
**даярлау бағыты бойынша**
**Академиялық комитет төрайымы:** **А.Б.Агабекова**